

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 наурыздағы N 382 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 7 сәуірдегі N 292. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.12.24 N 1695 қаулысымен. ~P011695

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Балалы отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 наурыздағы N 382 P970382_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 13, 91-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Балалы отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету туралы ережеде:

3-тармақта:

үшінші абзацтағы "жұмыс істемейтін" деген сөздерден кейін "көп балалы" деген сөздермен толықтырылсын;

алтыншы абзацтағы "бала кезінен" деген сөздер алынып тасталсын;

10-тармақтағы "зейнетақысының" деген сөз алынып тасталсын;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Асыраушысынан айрылған отбасына жәрдемақы тағайындау туралы мәселе асыраушысынан айырылуы жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы белгіленгеннен кейін шешіледі, ал асыраушысының жалақысының орнына отбасының жиынтық кірісінде асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша отбасына тағайындалған мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы ескеріледі.

";

17-тармақта:

бірінші абзацтағы "мүгедек баланың тұратын жеріне қарай қалалық (аудандық) халықты әлеуметтік қорғау бөлімдері" деген сөздер алынып тасталсын ;

екінші абзацтағы "үйде" деген сөзден кейін "тәрбиелеу немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзацтағы "әлеуметтік зейнетақы" деген сөздер "мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы" деген сөздермен ауыстырылсын";

18-тармақтың екінші абзацындағы "зейнетақы" деген сөз "мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы" деген сөздермен ауыстырылсын; "

ерлер үшін алпыс жасқа толған, әйелдер үшін елу бес жасқа толған" деген сөздер "зейнетақы жасындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

19-тармақтың бесінші абзацындағы "Мемлекеттік тергеу комитетінің" деген сөздер алынып тасталсын;

21-тармақтағы "зейнетақы" деген сөз алынып тасталсын;

24-тармақтағы "зейнетақы тағайындалған" деген сөздер "мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындалған" деген сөздермен ауыстырылсын;

27-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Балалы отбасыларына жәрдемақы тағайындау туралы өтініш

жәрдемақыға құқығы бар адамдардың тұратын жері бойынша аудандық (қалалық) халықты әлеуметтік қорғау бөліміне беріледі.";

үшінші абзац алынып тасталсын;

28-тармақта:

"а" тармақшадағы төртінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"жұмыс іздеп жүрген жұмыссыздар, жұмыссыздығы бойынша жәрдемақы төлеу тоқтатылған сәттен бастап, мұндай анықтаманы жұмыссыздығы бойынша жәрдемақының мөлшерін көрсетпестен ұсынады";

мынадай мазмұндағы "д" тармақшамен толықтырылсын:

"д) үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларға арналған жәрдемақы үшін:

облыстық білім басқармасының жанындағы Ведомствоаралық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық комиссияның мүгедек баланы үйде тәрбиелеудің немесе оқытудың қажеттілігі туралы анықтамасы";

29-тармақ алынып тасталсын;

30,31-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Балалы отбасыларына жәрдемақылардың барлық түрлерін аудандық (қалалық) халықты әлеуметтік қорғау бөлімдері құратын жәрдемақылар тағайындау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) тағайындайды.

31. Жәрдемақылардың барлық түрі жәрдемақы тағайындау туралы өтініш берілген айдан бастап, бірақ өтініш жасалған күннен бастап 12 айдан аспайтын мерзімге тағайындалады.";

32-тармақтағы "одан көп балалары бар" деген сөздерден кейін "жұмыс істемейтін" деген сөзбен толықтырылсын;

33-тармақтағы "тиісті комиссияларға" деген сөздер "Комиссияға" деген сөзбен ауыстырылсын;

34-тармақтағы "тиісті комиссия" деген сөздер "Комиссия" деген сөзбен ауыстырылсын;

35-тармақтағы "балаларға арналған жәрдемақы тағайындау жөніндегі комиссия" деген сөздер "Комиссия" деген сөзбен ауыстырылсын;

21-тармақтағы "жұмыс істемейтін" деген сөздерден кейін "көп балалы" деген сөзбен толықтырылсын;

43-тармақтағы "Экономика және сауда министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Статистика және талдау жөніндегі комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

30-43-тармақтар тиісінше 29-42-тармақтар болып есептелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі